

Кулданов Наурыз Талгатовичтің «Вокалды оқыту үдерісінде болашақ музикалық білім бакалаврларының креативтілігін дамыту» тақырыбында 8D01402 – «Музикалық білім» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындаған диссертациялық зерттеуіне отандық ғылыми көнешшінің

ПКІРІ

Қазіргі жаһандық және ұлттық деңгейде жүріп жатқан әлеуметтік-экономикалық үдерістер жоғары білім беру жүйесіне сапалық тұрғыдан жаңа міндеттер жүктеуде. Солардың бірі, кәсіби ортаның үнемі өзгеріп отыратын жағдайларына бейімделіп қана қоймай, сонымен қатар, кәсіби қызметтің жаңа тәсілдерін белсенді тұрде игере алатын, инновациялық шешімдерді енгізуге және шығармашылық өзара әрекеттестіктің нәтижелі үлгілерін қалыптастыруға қабілетті креативті мамандарды даярлау міндеті. Осы тұрғыдан алғанда, болашақ музика пәні мұғалімдерінің креативтілігін, музикалық ойлау қабілетін, орындаушылық шеберлігін және көркемдік тұрғыдан интерпретация жасау машиғын негізгі кәсіби құзыреттер ретінде қалыптастыру мәселесі өзекті бола түсude.

Бұл үдерісте вокалдық оқытудың маңызы ерекше, себебі ол орындаушылық, коммуникативтік және эмоционалды-шығармашылық қырларды тоғыстыра отырып, болашақ музикалық білім бакалаврларының креативтілік әлеуетін жан-жақты дамытады. Алайда, вокалды оқытудың креативтілікті дамытудағы әлеуеті жоғары болғанымен, қазіргі отандық педагогикада осы бағыттағы мақсатты, жүйелі және тиімді әдістемелік тәсілдердің жеткіліксіздігі байқалады. Мұндай әдістемелердің тапшылығы музикалық білім беру жүйесіндегі вокалды оқыту үдерісін креативтілікке бағытталған оқыту қажеттілігінің мазмұнын жаңаша қарастыруды қажет етеді.

Осы тұрғыда, Н.Т. Кулдановтың диссертациялық зерттеуі вокалды оқыту үдерісінде болашақ музикалық білім бакалаврларының креативтілігін дамытуды теориялық-әдіснамалық жағынан негізден, оны тәжірибелік тұрғыдан іске асыру жолдарын айқындауга және креативті тұлғаны қалыптастыруға бағытталған білім беру тәжірибесінің заманауи сұраныстарына толықтай жауап береді. Мұндай тұлға тек музикалық шығармаларды орындалап, интерпретациялаумен шектелмей, сонымен қатар шығармашылық ізденіске, педагогикалық және орындаушылық қызметке инновациялық тәсілдермен келуге қабілетті болуы тиіс. Осылайша, зерттеу жұмысы музикалық білім берудің мазмұнын жаңғыртуға және оны сапалық тұрғыдан жетілдіруге елеулі үлес қосады..

Осылайша, диссертациялық зерттеудің тақырыбы музикалық білім саласындағы басым бағыттарға толық сай келіп, заманауи музикалық педагогикалық үдерістің талаптарына жауап береді және ғылыми, әдіснамалық әрі практикалық тұрғыдан жоғары өзектілікке ие екендігін көрсетеді.

Н.Т. Кулдановтың зерттеуі қазіргі таңда өзекті болып отырған ғылыми-педагогикалық мәселелерді кешенді тұрде қарастырып, жоғары дәрежедегі ғылыми жаңашылдығымен ерекшеленеді. Зерттеу логикалық тұрғыдан

тұжырымдалған ғылыми аппаратына, тиімді әдістер жүйесіне және мазмұнды теориялық-әдіснамалық негізге сүйенеді. Ғылыми-әдіснамалық тұғырлардың өзара бірлігі зерттеу міндеттерінің толық шешілуіне және Қазақстандағы жоғары музикалық-педагогикалық білім беру жүйесінің теориясы мен практикасын дамытуда маңызды нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік берді.

Зерттеу барысында диссидент креативтілік феноменін салааралық тұрғыда жан-жақты зерделеп, оның тұжырымдамалық негіздерін ғылыми тұрғыдан негіздейді. Сондай-ақ, болашақ музикалық білім бакалаврларының кәсіби тұрғыдан маңызды сапасы ретіндегі креативтіліктің мәндік-мазмұнды және құрылымдық сипаттамасы айқындалады. Бұл бағытта оны дамытуға ықпал ететін әдіснамалық негіздер, педагогикалық шарттар мен тиімді әдістер легі дәлелденіп, креативтіліктің даму деңгейін бағалауға арналған диагностикалық құралдар әзірленді.

Диссертациялық зерттеу жұмысын орындау барысында Н.Т. Кулданов өзінің жоғары жауапкершілігі мен академиялық адалдығын айқын көрсетті. Оның еңбегі өзіндік тәуелсіздік пен ғылыми жаңашылдық тұрғысынан ерекше дараланып, тың идеялар мен әдістемелік шешімдерге бай болды. Зерттеу тақырыбына қатысты кең көлемдегі ғылыми әдебиеттер жан-жақты талданып, олардың арасында халықаралық деңгейдегі Web of Science және Scopus көпсалалы библиографиялық және реферативтік дерек қорларында индекстелетін шетелдік ғылыми басылымдардың көптігі айрықша көзге түседі. Мұндай терең әрі жан-жақты талдау зерттеудің сапасын арттырып, оның ғылыми негізділігін нығайтуға елеулі үлес қосады.

Зерттеудің нәтижелілігін қамтамасыз етудегі шешуші факторлардың бірі, Н.Т. Кулдановтың көпжылдық шығармашылық, музикалық орындаушылық және тәжірибелік, музикалық-педагогикалық қызметіндегі мол тәжірибесі, сондай-ақ, оның ерекше вокалдық орындаушылық шеберлігі мен вокалдық-әдістемелік құзыреттілігінің жоғары деңгейінің үйлесімі болып табылады. Диссиденттың тәжірибелік жұмыстарды жүргізудегі ұқыпты әрі жауапкершілікпен қарауы да лайықты жоғары бағаға ие. Әсіресе, болашақ музикалық білім бакалаврларының креативтілігін дамытуға бағытталған әдістерді жүйелі, ғылыми негізделген түрде қолдануы зерттеу міндеттерінің сапалы түрде орындалуын қамтамасыз етті.

Зерттеудің жоғары нәтижелілігіне Н.Т. Кулдановтың оқу үдерісі аясында «Музикалық орындаушылық пәндерді оқытуда креативті технологияларды қолдану» тақырыбындағы ғылыми тағылымдамадан өтуі де ықпал етті. Тағылымдама, Алматы қаласындағы Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Музикалық өнер» факультетінде, педагогика ғылымдарының кандидаты, «Эстрадалық оркестр аспаптары» кафедрасының менгерушісі, доцент Ж.Е. Абельтаеваның жетекшілігімен сәтті ұйымдастырылды. Сонымен қатар, зерттеуші халықаралық «Шығармашылық мамандарды даярлаудағы инновациялық тенденциялар» атты дөңгелек үстелге қатысып, «Болашақ музикалық білім бакалаврларының креативтілігін дамытудағы вокалдық оқытудың әлеуеті» тақырыбында баяндамасымен ғылыми қоғамға өз үлесін қости. Бұған қоса, ол Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

жындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің жобаларды басқару тобы үйімдастырған ««Музыкалық білім» білім беру бағдарламасын жобалауда инновациялық әдістерді қолдану» тақырыбындағы республикалық форсайт-сессиясына белсенді қатысып, зерттеу нәтижелері бойынша музыкалық педагогикалық үдерісті жаңғыртуға бағытталған тың ойлар мен ұсыныстарын білдірді.

Диссертациялық зерттеу нәтижелерін практикалық тұрғыда жүзеге асыру мақсатында докторант тарапынан «Вокалдық оқыту үдерісінде білім алушылардың креативті ойлау қабілеттерін дамыту» тақырыбында авторлық дәріс әзірленіп, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігіне қарасты «Абай атындағы қазақ тілі мен әдебиетін тереңдетіп оқытатын дарынды балаларға арналған республикалық мамандандырылған мектеп-интернаты» шығармашылық пәндерді жүргізетін педагогтеріне арналған «Абай мектептерінде бейіндік пәндерді оқытудың ерекшеліктері» атты біліктілікті арттыру курсы аясында оқу үдерісіне енгізіліп өткізілді.

Сонымен қатар, вокалдық орындаушылық шеберлікті жетілдіру мен әдістемелік аспектілерді шығармашылық тұрғыда іске асыру мақсатында Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде докторанттың бастамасымен және орындауымен «Көктемгі экспромт» атты жеке дәріс-концерт өткізілді. Бұл концерттік дәріс диссертациялық жұмыстың теориялық қағидаттарын тәжірибемен ұштастыра отырып, болашақ музика мұғалімдерінің креативтілігін дамытудағы вокал өнерінің маңызын айшықтай түсті.

Н.Т. Кулданов әзірлеген болашақ музыкалық білім бакалаврларының креативтілігін вокалдық оқыту үдерісінде дамытуға арналған әдістеме табысты түрде сынақтан өткізіліп, оқу және тәжірибеге енгізілді. Әдістеменің тәжірибелік тұрғыдан жүзеге асыру нәтижесінде оның тиімділігі дәлелденіп, бірқатар жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламасына элективті курс ретінде енгізілді. Атап айтқанда, «Вокал және әншілік креативтілік» атты элективті курс Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде (Алматы қ.) және Махамбет Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан университетінде (Орал қ.) оқу үдерісіне енгізіліп, болашақ мамандардың креативтілік әлеуетін арттыруда оң нәтиже берді. Бұдан білек, докторанттың бастамасымен Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының «Вокалдық өнер» білім беру бағдарламасының магистратура деңгейіне арналып «Әншілік креативтілік: теориясы мен әдістемесі» атты элективті курс әзірленіп енгізілді. Осы тұста, зерттеу нәтижелерінің сапалылығын және әдістеменің тиімділігін растайтын құжаттамалар жоғарыда аталған оқу орындары тарапынан толық көлемде ұсынылып, диссертациялық жұмыстың практикалық маңызын айғақтай түсті.

Диссертациялық зерттеу нәтижелері бойынша жалпы 8 ғылыми мақала дайындалып, жарияланған. Атап айтқанда, олардың ішінде Web of Science және Scopus деректер базасына енген халықаралық рецензияланған ғылыми журналдарда – 2 мақала, Қазақстан Республикасы Фылым және жоғары білім министрлігінің Фылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда – 5 мақала, және шетелдік ғылыми журналда – 1 мақала жарық көрген.

Н.Т. Кулдановтың диссертациялық зерттеуі өзектілігімен, ғылыми жаңалығымен және тәжірибелік маңыздылығымен ерекшеленетін, теориялық және әдіснамалық тұрғыдан негізделген, құрылымы жағынан тұжырымды, мазмұны жағынан терең және философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындалатын ғылыми-зерттеу жұмыстарына қойылатын талаптарға толық сәйкес келетін дербес орындалып аяқталған ғылыми еңбек.

Жоғарыда баяндалғандарың негізінде Н.Т. Кулдановтың «8D01402 – «Музикалық білім» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындалған «Вокалды оқыту үдерісінде болашақ музикалық білім бакалаврларының креативтілігін дамыту» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ашық көпшілік алдында қорғауға ұсынуға болады.

**Ғылыми кеңесші,
Педагогика ғылымдарының кандидаты,
Абай атындағы ҚазҰПУ
қауымдастырылған профессоры**



РАСТАЙМИН: «Абай атындағы ҚазҰПУ» КЕАК
КАДР САЯСАТЫ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖЕТЕКШІСІ
ЗАВЕРЖУ
РУКОВОДИТЕЛЯ
УПРАВЛЕНИЯ КАДРОВОЙ ПОЛИТИКИ
С.Т. Балагазова
КОЛЫ
ПОДПИСЬ